



БҰЙРЫҚ

2025 ж. 02.09

Көкшетау қаласы

ПРИКАЗ

№ 403

город Кокшетау

Оқушыларды ыстық тамақтанумен қамту туралы

Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің 2023 жылғы 1 қыркүйегіндегі №421/1 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қаулысы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 1-11 сынып оқушылары ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.
2. 1-4 сынып оқушыларына тегін ыстық тамақ ұйымдастырылсын, жауапты директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары Н.З.Кудабаева.
3. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан, әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы отбасынан шыққан, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін, жауапты директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары Р.С. Бекешова.
4. Тамақтану кестесі бекітілсін.
5. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссияның және бракеражды комиссияның жұмысы жандандырылсын.
6. Мектеп-лицейіндегі оқушылардың тамақтануын ұйымдастыруға және атаулы әлеуметтік осал отбасынан шыққан оқушыларға ваучер тағайындауға жауапты болып әлеуметтік педагог В.В.Полишукқа бекітілсін.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Г. Абдыкасымова